

**"Үміткерлерді іріктеу және ғылыми тағылымдамадан өту қағидаларын бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін  
атқарушының 2023 жылғы 18 тамыздағы № 422 бүйрүғына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2025 жылғы 4 шілдедегі № 338 бүйрүғы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 10 шілдеде № 36423 болып тіркелді

**БҮЙЫРАМЫН:**

1. "Үміткерлерді іріктеу және ғылыми тағылымдамадан өту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 18 тамыздағы № 422 бүйрүғына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33308 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бүйрүқпен бекітілген Үміткерлерді іріктеу және ғылыми тағылымдамадан өту қағидаларында:

**10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:**

"10. Үміткер құжаттарды белгіленген құжат қабылдау мерзімі ішінде әкімшіге "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы және (немесе) қағаз нысанда ұсынады.

Ұсынылған құжатты қарау нәтижесі бойынша үміткерге құжаттың қабылданғаны және конкурсқа қатысуға жіберілгені туралы жазбаша хабарлама не оларды қабылдаудан дәлелді бас тарту жолданады.

Құжатты қарау, қабылдау не оларды қабылдаудан бас тарту мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Құжатты толық көлемде ұсынбау оларды қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Құжаттар осы Қағидалардың 8 және 9-тармақтарына сәйкес келмеген жағдайда, үміткерге бұзушылықтарды жойғаннан кейін оларды қабылдау үшін белгіленген мерзім кезеңінде құжатты қайта ұсынуға рұқсат етіледі.

Конкурсқа қатысуға рұқсат беру үшін үміткердің және оның құжаттарының осы Қағидалардың 8 және 9-тармақтарына сәйкестігін қарауды әкімші жүзеге асырады.";

көрсетілген бүйрүққа 4-қосымшада:

**2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:**

"2. Ғылыми тағылымдамадан өтуге үміткерлер үшін шет тілін білудің қажетті ең төменгі деңгейі:

№	Ғылыми тағылымдамадан өту тілі *	Шет тілін білу деңгейі
		IELTS: 9.0-ден 5.0

1.	Ағылшын	TOEFL: PBT 677-ден 417, ITP 677-ден 417, IBT 120-дан 35 DET 160-тан 80-нен бастап
2.	Қытай	HSK 6-дан 3 деңгейі
3.	Корей	TOPIK (level 3)
4.	Неміс	Goethe-Zertifikat B1, OnSet B1 DSH 1 TestDaF (TDN 3)
5.	Италиян	CILS DUE B1 CELI 2
6.	Испан	DELE B1
7.	Орыс	Талап етілмейді
8.	Француз	TCF 300-399 DELF B1
9.	Жапон	JLPT level N3
10.	Түрік	Tömer B1 TYS B1

Ескерту:

\*Осы кестеде ғылыми тағылымдамадан өту тілі болмаған жағдайда, шет тілін білу деңгейі CEFR стандартына сәйкес B1 деңгейінен төмен емес ресми жарамды халықаралық сертификатпен расталады.

Бұл ретте, орыс тілінде ғылыми тағылымдамадан өтуге тек орыс тілі мемлекеттік және (немесе) ресми тіл болып табылатын елдерде ғана рұқсат беріледі.

Колданыстағы аббревиатуралардың транскрипциясы:

IELTS (International English Language Testing System - Интернэйшэнал Инглиш Лэнгвич Тестинг Систэм) - ағылшын тілі бойынша білімін тестілеудің халықаралық жүйесі;

TOEFL (Test of English as a Foreign Language - Тест оғ Инглиш ас ә Форейн Лэнгвич) - шет тілі ретінде ағылшын тілі бойынша тест мынадай түрлерге бөлінеді:

1) PBT (Paper-based test - Пәйпер-бәйзد тест) - қағаз жеткізгіштегі ресми тест;

2) ITP (Institutional Testing Program – Инститьюшнал тестинг программ) - қағаз жеткізгіштегі ресми тест;

3) IBT (Internet-based test - Интернет-бейзд тест) - Интернет арқылы тапсырылатын ресми тест;

DET (Duolingo English test) (Дуолинго Инглиш тест) - бейне әңгімелесу және нәтижелерді жылдам өндеу арқылы ағылшын тілін білуді анықтау бойынша онлайн-тест;

Goethe-Zertifikat (Гете Цертификат) - Неміс тілін білуін растау үшін қажетті Гете-Институтының сертификаты. Гете-институтында сертификат алу үшін емтиханды Гете-институттарында да, біздің әріптестеріміз болып табылатын емтихан алу орталықтарында да тапсырылады;

OnSet (ОнСэт) - неміс тілі деңгейін анықтауға арналған емтихан;

DSH (Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang - Дойч Шпрахпрюфунг фюр ден Хохшульцуганг) - DSH емтиханы Германиядағы жоғары оқу орындарының біріне түсін үшін қажет. DSH емтиханы Германия жоғары оқу орындарында кезекті семестрлер басталғанға дейін 3-4 апта бұрын тапсырылады;

TestDaF (Test Deutsch als Fremdsprache - Тест Дойч альс Фремдшпрахэ) - Тест DaF Германияда оқу үшін қажетті неміс тілі деңгейін тексеретін тест. Бұл емтихан әлем бойынша лицензияланған орталықтарда, сонымен қатар, Қазақстанда тапсырылады;

CILS (Certificazione di Italiano come Lingua Straniera - Цертификационе ди Итальяно комэ Лингуа Странieriа) - шет тілі ретінде итальян тілін білу деңгейін раставуши сертификат;

CELI (Certificatos di Conoscenza della Lingua Italiana - Цертификатос ди Коношэнза деллья Лингуа Итальяна) - шет тілі ретінде итальян тілін білу сертификаты;

DELE (Diplomas de Español como Lengua Extranjera - Дипломас дэ Эспаньол комо Лингуа Икстранихера) - шет тілі ретінде испан тілін білу сертификаты;

TCF (Test de connaissance du français - Тест де конэсонс дью фронсэ) - француз тілін білу тесті;

DELF (Diplome d'Etudes en Langue Francaise - Дипломэ тыод он Лонг Фронсэз) - француз тіліндегі білімі туралы диплом;

HSK (Hanyu Shuiping Kaoshi - Ханьюй Шуйпин Каоши) - шетелдіктерді, қытай эмигранттарын және аз ұлттар өкілдерін қоса алғанда, қытай тілінде сөйлемейтін адамдардың қытай тілін білу деңгейін сертификаттауға арналған КХР мемлекеттік емтиханы;

TOPIK (Test of Proficiency in Korean - Тест оғ Профишэнси ин Кориан) - корей тілін білу деңгейін анықтау емтиханы;

JLPT (Japanese Language Proficiency Test - Джапанис Лэнгуич Профишэнси Тест) - жапон тілін білу деңгейін анықтау емтиханы;

Tömer (Türkçe ve Yabancı Dil Uygulama ve Araştırma – Тюркче вэ Яванджи Дильт Уйгулама вэ Араптырма) – түрік тілінен деңгейін анықтау емтиханы;

CEFR (Common European Framework of Reference – Комон Европин Фреймок оғ Референс) – Еуропалық Одақта қолданылатын шет тілін менгеру деңгейлерінің жүйесі;

TYŞ (Türkçe Yeterlik Sınavı – Тюркче Йетерлик Сынавы) – түрік тілін білу деңгейін анықтау үшін Юнус Эмре институты әзірлеген бағалау жүйесі.";

көрсетілген бұйрыққа 9-қосымшада:

1-тармақтың 2)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Сараптамалық комиссия (бұдан әрі – СК) мүшелерімен дербес әңгімелесу, мұнда үміткердің кәсіби дайындық деңгейі, теориялық білімі мен таңдаған мамандан саласында кәсіби құзыретінің болуы айқындалады.";

Келесі турға өтуге арналған кешенді тестілеу кестесі мынадай редакцияда жазылсын:

"

Вербалды тест	Берілген балл
37-48- жоғары	10
31-36- орташадан жоғары	8
20-30- орташа	6
11-19- орташадан тәмен	Өту балы емес
10 балл және одан тәмен	Өту балы емес
Сандық тест	Берілген балл
20-25 – жоғары	10
15-19 – орташадан жоғары	8
8-14 – орташа	6
4-7 – орташадан тәмен	Өту балы емес
3 балл және одан тәмен	Өту балы емес
Жеке сауалнама	Берілген балл
31-35 балл	10
21-30 балл	8
20 балл және одан тәмен	6

#### СК мүшелерімен әңгімелесу бойынша саралау

СК орташа балы	СК бойынша ең тәменгі балл
29 -70	Ұсынылған
28 балл және одан тәмен	Ұсынылмаған

"

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ғылым және жоғары білім министрінің  
міндеттін атқарушысы

Г. Кобенова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК